



Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитеті

Төрағаның міндетін атқарушының  
2022 жылғы «22» шілде  
№ 410 бұйрығымен бекітілген

**«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы  
Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысына  
өзгерістер мен толықтырулар**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысында:

14-тармақ мынадай мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

«24) радиоизотоптық (радионуклидтік) диагностика, радиоизотоптық (радионуклидтік) терапия.»;

17-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Кәсіпорынға бекітілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға жазбаша келісім береді;»;

18-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) Кәсіпорын директорының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын, бас бухгалтерді және ішкі аудиторларды қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;»;

22-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) өзінің орынбасарларын, бас бухгалтерді және ішкі аудиторларды қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;»;

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«33. Кәсіпорын тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) акционерлік қоғамдардың оған тиесілі акцияларына билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге құқылы.»;

мынадай мазмұндағы 33-1-тармақпен толықтырылсын:

«33-1. Кәсіпорын тиісті саланың уәкілетті органының жазбаша келісімімен ғана дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға, қарыздар беруге құқылы.».

Директор



В.В. Бенберин